

## Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі көрсететін электрондық мемлекеттік қызметтерінің регламенттерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 243-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 қыркүйекте № 7951 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 3 наурыздағы № 51-НҚ бұйрығымен

**Ескерту.** Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 03.03.2014 № 51-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Әкімшілік ресімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына  
сәйкес

### **БҰЙЫРАМЫН:**

#### **1. Қоса беріліп отырған:**

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Магистральдық газ құбыржолдарын, мұнай құбыржолдарын, мұнай өнімдері құбыржолдарын пайдалану қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнұсқаларын беру»;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызметтерінің регламенттері

**бекітілсін.**

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Бақылау және талап қою жұмысы департаменті (А.Т. Аламан):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Р.Е. Сүлейменова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне

**ұсынсын.**

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Б.И. Досмұхамбетоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан

және

Республикасы

Көлік

коммуникация

министрінің

міндетін

атқарушы

Р. Склляр

2012 жылғы 19 қыркүйек

Қазақстан

Республикасы

Табиғи

монополияларды

реттеу

агенттігінің

2012 жылғы

21

қыркүйектегі

№ 243-НҚ

бұйрығына

1-қосымша

**«Магистральдық газ құбыржолдарын, мұнай құбыржолдарын, мұнай өнімдері құбыржолдарын пайдалану қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнүсқаларын беру»**  
**электрондық мемлекеттік қызмет регламенті**

**Ескерту. Регламент жана редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 13.02.2013 № 47-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Магистральдық газ құбыржолдарын, мұнай құбыржолдарын, мұнай өнімдері құбыржолдарын пайдалану қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнүсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – қызмет) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі және оның аумақтық органдары (бұдан әрі – қызмет беруші) халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетеді, сондай-ақ [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) «Электрондық үкімет» веб-порталы немесе [www.elicence.kz](http://www.elicence.kz) «Е-лицензиялау» веб-порталы арқылы көрсетеді.

2. Қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1132 қаулысымен бекітілген «Магистральдық газ құбыржолдарын, мұнай құбыржолдарын, мұнай өнімдері құбыржолдарын пайдалану қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған .

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) ақпараттық жүйе - аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өндеуге, іздестіруге, таратуға, тапсыруға және беруге арналған жүйе (бұдан әрі - АЖ);

2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі - заңды тұлға (филиал мен өкілдік) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

3) «Е-лицензиялау» веб-порталы – берілген, қайта ресімделген, уақытша тоқтатылған, жаңартылған және қолданысы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, участеклері) туралы мәліметтерді қамтитын, лицензиарларға берілетін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірлерін орталықтан қалыптастыратын ақпараттық жүйе (бұдан әрі - «Е-лицензиялау» МДБ АЖ);

4) жеке сәйкестендіру нөмірі - жеке тұлға, соның ішінде өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

5) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы - ақпаратты автоматты жинақтауға, сақтау мен өндеуге, Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және олар туралы мемлекеттік органдар мен басқа да субъектілерге олардың өкілеттіктерінің шенберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзекті және шынайы деректер беру мақсатында Жеке сәйкестіндіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЖТ МДБ);

6) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы - ақпаратты автоматты жинақтауға, сақтау мен өндеуге, Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіруді енгізуге және олар туралы мемлекеттік органдар мен басқа да субъектілерге олардың өкілеттіктерінің шенберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзекті және шынайы деректер беру мақсатында Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЗТ МДБ);

7) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтарының

ақпараттық жүйесі – Қазақстан Республикасының халықта қызмет көрсету орталықтары, сондай-ақ тиісті министрліктер мен ведомстволар арқылы халықта (жеке және заңды тұлғаларға) қызмет көрсету процесін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ХҚКО АЖ);

8) құрылымдық-функционалдық бірліктер - қызметтер көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мекемелер мен басқа да ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі (бұдан әрі - ҚФБ);

9) пайдалануши - өзіне қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алуға ақпараттық жүйеге жүгінетін және оны пайдаланатын субъект (тұтынушы, қ ы з м е т б е р у ш і ) ;

10) транзакциялық қызмет - пайдаланушыларға электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін электрондық ақпараттық ресурстар ұсыну жөніндегі қызмет;

11) тұтынушы - электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке немесе з а ң д ы т ұ լ ғ а ;

12) электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы расталған құжат;

13) электрондық лицензия - ақпараттық технологияларды пайдаланып ресімделетін және берілетін, қағаз жеткізгіштегі лицензияға тең электрондық құжат н ы с а н ы н д а ф ы л и ц е н з и я ;

14) электрондық мемлекеттік қызмет - ақпараттық технологиялар пайдалана отырып, электрондық түрде көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

15) «электрондық үкіметтің» веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭУП);

16) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі - жеке және заңды тұлғалардың төлемдерін жүзеге асыру кезінде екінші деңгейдегі банктер, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелері арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - Э У Т И Ш ) ;

17) «электрондық үкіметтің» шлюзі - электрондық қызметтер шеңберінде «электрондық үкімет» ақпараттық жүйелерді біріктіруге арналған ақпараттық жүйе ( б ұ д а н ә р і - Э У Ш ) ;

18) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі (бұдан әрі - ЭЦК).

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

6. Қызмет берушінің ЭУП арқылы қадамдық іс-қимылдары мен шешімдері (қызмет көрсету кезіндегі функционалдық іс-қимылдардың № 1 диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген:

1) тұтынушы өзінің ЭЦҚ тіркеу күәлігінің көмегімен ЭУП-да тіркелуді жүзеге асырады, ол тұтынушы компьютерінің интернет-браузерінде сақталады (ЭУП-да тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-процесс - тұтынушы компьютерінің интернет-браузерінде ЭЦҚ-ның тіркеу күәлігін бекіту, мемлекеттік қызметті алу үшін ЭУП-ға тұтынушының паролін енгізу процесі (авторизациялау процесі);

3) 1-шарт - логин (ЖСН/БСН) және пароль арқылы тіркелген тұтынушы туралы деректердің шынайылығын ЭУП-да тексеру;

4) 2-процесс - тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты ЭУП-да авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-процесс - тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу) және қажетті құжаттарды электрондық түрде сұрау салу нысанына тіркей отырып, тұтынушының нысанды оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып толтыру;

6) 4-процесс - ЭҮТШ-да қызметтерге ақы төлеу, одан кейін бұл ақпарат «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-ға түседі;

7) 2-шарт - көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу фактісін «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тексеру;

8) 5-процесс - «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да көрсетілген қызметтер үшін ақы төленбеуіне байланысты сұрау салынған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-процесс - тұтынушының сұрауды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ-ның тіркеу күәлігін таңдауы;

10) 3-шарт - ЭУП-да ЭЦҚ-ның тіркеу күәлігінің қолданыс мерзімін және кері қайтарылған (күші жойылған) тіркеу күәліктерінің ішінде болмауын, сондай-ақ сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ-ның тіркеу күәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы сәйкестендіру деректерінің сәйкес келуін тексеру;

11) 7-процесс - тұтынушы ЭЦҚ-ның дұрыстығы расталмауына байланысты сұрау салынған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8-процесс - қызметті көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) тұтынушының ЭЦҚ арқылы растауы (қол қоюы);

13) 9-процесс - «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да электрондық құжатты (тұтынушының сұрау салуын) тіркеу және «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да өндөу;

14) 4-шарт - қызмет берушінің лицензия беру үшін тұтынушының біліктілік талаптарына және негіздерге сәйкес келуін тексеруі;

15) 10-процесс - «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

16) 11-процесс - тұтынушының ЭУП-да қалыптасқан қызмет нәтижесін (электрондық лицензияны) алуы. Электронды құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сын пайдалана отырып қалыптастырылады.

7. Қызмет беруші арқылы қадамдық іс-қимылдар мен шешімдер (қызмет көрсету кезіндегі функционалдық іс-қимылдары № 2 диаграммасы) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген:

1) 1-процесс - қызмет беруші қызметкерінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-ға логин мен парольді енгізу процесі (авторизациялау процесі);

2) 1-шарт - логин және пароль арқылы қызмет берушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің дұрыстығын «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тексеру;

3) 2-процесс - қызмет беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3-процесс - қызмет беруші қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранга шыгаруы және қызмет беруші қызметкерінің тұтынушының деректерін енгізуі;

5) 4-процесс - тұтынушының деректері туралы ЖТ МДБ/ЗТ МДБ-ға ЭУШ арқылы сұрауды жолдау;

6) 2-шарт - тұтынушы деректерінің ЖТ МДБ-да/ЗТ МДБ-да болуын тексеру;

7) 5-процесс - тұтынушы деректерінің ЖТ МДБ-да/ЗТ МДБ-да болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-процесс - қызмет беруші қызметкерінің сұраныс нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуы туралы белгі қою бөлігінде толтыруы және тұтынушы ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі және оларды сұрау салу нысанын тіркеуі;

9) 7-процесс - сұрау салуды «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тіркеу және қызметті «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да өндөу;

10) 3-шарт - лицензия беру үшін тұтынушының біліктілік талаптарына және негіздерге сәйкес келуін қызмет берушінің тексеруі;

11) 8-процесс - «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тұтынушының деректерінде

бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 9-процесс - тұтынушының «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-де қалыптасқан қызмет нәтижесін (электрондық лицензияны) алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сын пайдалана отырып қалыптасады.

8. Қызмет көрсету кезіндегі функционалдық іс-қимылдар ХҚКО арқылы (№ 3 -диаграммасы) орталық операторының қадамдық іс-қимылдары мен шешімдері осы Регламенттің 1-қосымшасында берілген.

1) 1-процесс - Орталық операторының қызметті көрсету үшін ХҚКО АЖ АЖО-да логин мен парольді енгізуі (авторизациялау процесі);

2) 2-процесс – осы Регламентте көрсетілген қызметті Орталық операторының таңдауы, қызметті көрсету үшін экранға сұраныс нысанын шығаруы және Орталық операторының тұтынушының деректерін енгізуі;

3) 3-процесс - тұтынушының деректері туралы ЭУШ арқылы ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ - да сұрау жолдау;

4) 1-шарт - тұтынушы деректерінің ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-да тексеру;

5) 4-процесс - тұтынушы деректерінің ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-да болмауына байланысты, деректерді алуға мүмкіндік жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыру;

6) 5-процесс - Орталық операторының сұраныс нысанын қағаз нысанында құжаттардың бар болуы туралы белгі бөлігінде толтыруы және тұтынушы ұсынған құжаттарды сканерлеуі, оларды сұраныс нысанына тіркеуі және қызмет ұсынуға арналған сұраныстың, толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) ЭЦҚ арқылы күәладыру;

7) 6-процесс – Орталық операторының ЭЦҚ-мен куәландырылған (қол қойылған) электронды құжатты (тұтынушы сұранысын) ЭУӨШ/ЭУШ арқылы «Е-лицензиялау» МДҚ АҚ-ға жолдау;

8) 7-процесс-электронды құжатты «Е-лицензиялау» МДҚ АҚ-да тіркеу;

9) 2-шарт - қызмет берушінің тұтынушы қоса берген құжаттардың Стандартта көрсетілгендерге және қызметті көрсету негіздеріне сәйкестігін тексеруі (өндедейі);

10) 8-процесс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-да тұтынушының құжаттарында бұзушылықтардың орын алуына байланысты, сұратып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) 9-процесс – тұтынушының Орталық операторы арқылы қызметтің нәтижесін алуы.

9. Қызметке сұрау салу және жауап беру толтыру нысандары [www.elicence.kz](http://www.elicence.kz) «Е-лицензиялау» веб-порталында келтірілген.

10. Салынған сұрау өнделгеннен кейін тұтынушыға сұрауды өндеу

нәтижелерін қаралу мүмкіндігі беріледі:  
«ашу» батырмасын басқаннан кейін - сұрау салу нәтижесі дисплей экранына  
шығады;

«сақтау» батырмасын басқаннан кейін - сұрау салудың нәтижесі тұтынушы жасаған ақпаратты электрондық жеткізгіште PDF форматында сақталады.

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету бойынша қажетті ақпаратты және консультацияны call-орталықтың (1414) телефоны немесе ХҚКО ақпараттық – анықтама қызметінің 8 (7172) 58-00-58 телефоны арқылы алуға болады.

### **3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-қимыл (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау**

12. Қызметті көрсету процесіне қатысатын ҚФБ:

1 )	Э У П ;
2 )	Э У Ш ;
3 )	Э У Ш Т ;
4 ) «Е-лицензиялау» МДК АҚ;	
5 ) ЖТ МДБ / ЗТ МДБ ;	
6 ) ХҚКО АЖ АЖО ;	
7 ) қызмет б е р у ш і .	

13. Іс-әрекеттердің (қызмет көрсету процесінде) қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысы олардың сипаттамасына сәйкес көрсететін диаграмма осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

14. Әр іс-қимылдардың орындалу мерзімі көрсетіле отырып, іс-қимылдарының (рәсімдердің, функциялардың, операциялардың) дәйектілігін мәтіндік кестелік сипаттау осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

15. Тұтынушыларға қызмет көрсету нәтижелері осы Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

16. Тұтынушыларға қызмет көрсету процесіне қойылатын талаптар:

- 1) құпиялыштық (ақпаратты санкциясыз алудан қорғау);
- 2) тұтастыры (ақпаратты санкциясыз өзгертуден қорғау);
- 3) қолжетімділік (ақпаратты және ресурстарды санкцияланбаған тежеуден қорғау).

17. Қызметті көрсетудің техникалық шарттары:


- 1 ) И н т е р н е т к е ш ы ғ у ;
- 2) электрондық лицензия берілетін тұлғада ЖСН/БСН болуы;
- 3 ) Э У П а в т о р и з а ц и я л а у ;
- 4 ) пайдалануышда Э Ц К болуы;

5) екінші деңгейдегі банктеги карточкасының немесе ағымдағы шотының болуы.


«Магистральдық газ құбыржолдарын, мұнай құбыржолдарын, мұнай өнімдері құбыржолдарын пайдалану қызметіне беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

### Қызмет беруші арқылы қадамдық іс-қимылдар мен шешімдер


#### ЭУБ арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық іс-қимылдың № 1 диаграммасы




#### Қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық іс-қимылдың № 2 диаграммасы



**ХҚКО АЖ арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық іс-қимылдың № 3 диаграммасы**



## Шартты белгілер:



Бастапқы хабарлама



Алғтауыш хабарлама



Аралық хабарлама



Алғтауыш қарастайтын оңтұра



Қате



Ақпараттық жүйе




Үрдіс



Шарт

— — — → Басқару ағыны

— → Хабарламалар ағыны



Соңғы тұтынушыға ұсынылатын электорицк құжат

«Магистральдық газ құбыржолдарын, мұнай құбыржолдарын, мұнай өнімдері құбыржолдарын пайдалану қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

**Іс-қимылдардың (рәсімдердің, функциялардың, операциялардың) дәйектілігін мәтіндік кестелік сипаттау**

### 1-кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-қимылдарын сипаттау

Іс-қимыл (жұмыстар барысы, ағыны) №	1	2	3	4	5	6
ҚФБ атауы	Алушы	ЭҮП	Алушы	ЭҮТШ	ЭҮП	Алуш

Іс-қимыл процесс, рәсімдер, операциялар) атауы және оларды сипаттау	( ЭЦК тіркеу күелігін алушыны компьютердің интернет-браузеріне бекітіп қою	Алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тартуы туралы хабарлама қалыптастырады	Электронды түрде қажетті құжаттарды осы сауалдарды бекіте отырып қызметті таңдайды және қалыптастырады	Кызметтерге ақы төлеу	Төлем ақысының болмауына байланысты бастартуы туралы хабарлама қалыптастырады	Сұра куәлі (қол үші ЭЦК танды)
Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдық-әкімдік шешім құжаты)	Сұраудың сәтті қалыптасуы туралы хабарламаның көрінуі	Сұратылған электрондық мемлекеттік қызметтен бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрауды сәтті жасау туралы хабарламаның көрінуі	Іс-әрекеттің сәтті аяқталуы туралы хабарламаның көрінуі	Сұратылған электрондық мемлекеттік қызметтен бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұра бағда
Орындалу мерзімдері	10-15 сек	20 сек	1,5 мин	1,5 мин	10-15 сек	10-15
Келесі іс-қимылдың нөмірі	2-егер алушының деректерінде бұзушылықтар болса ; 3 - егер авторизациялау сәтті өтсе	-	4	5-егер ақы төлемесе, 6 - егер ақы төлесе	-	7-еге қате 8 - ЭЦК болм

## 2-кесте. Қызмет берушілер арқылы ҚФБ іс-қимылын сипаттау

Іс-қимыл (жұмыстар барысы, ағыны) №	1	2	3	4	5	6
ҚФБ атауы	Қызмет беруші	«Е-лицензиялау» МДБ АЖ	Қызмет беруші	ЖТ МДБ/ ЗТ МДБ	« Е-лицензиялау » МДБ АЖ	Қызмет беруші
Іс-қимыл (процесс, рәсімдеу, операция) атауы және оларды сипаттау	«Е-лицензиялау» МДБ А Ж авторизацияланады	Деректerde бұзушылықтардың болуына байланысты бастарту хабарламаны қалыптасады	Қызмет беруші	Алушының деректерін ЖТ МДБ/ЗТ МДБ-ға ЭУШ-ға тексеруге сауал жолдау	Деректерде бұзушылықтар болуына байланысты бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Құжатта бекіту арқылы с нысанда толтыру

Аяқтау нысаны (деректер, күжат, ұйымдық-өкімдік шешімі)	Сұраудың сәтті жасалуы құралуының сәттілігі туралы хабарламаның көрінуі	Сұратқан электрондық мемлекеттік қызметтен бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрауды сәтті жасау туралы Сұраудың хабарламаның бағдары көрінуі	Сұратқан электрондық мемлекеттік қызметтен бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрауды жасау ту хабарлам көрінуі
Орындалу мерзімдері	10-15 сек	10 сек	1,5 мин	1,5 мин	1,5 мин
Келесі іс-қимылдың номірі	1 - қызмет берушінің логині мен паролі деректерінің түпнұсқа екендігін «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тексеру	-	4	5 - егер алушының деректерінде бұзушылықтар болса; 6 - егер авторизациялау сәтті өтсе	-

### 3-кесте. Орталық арқылы ҚФБ іс-қимылын сипаттау

Іс-қимыл (жұмыстар барысы, ағыны) №	1	2	3	4	5	6
ҚФБ атауы	ХҚҚО АЖО АЖ	Орталық операторы	Орталық операторы	ЖТ МДБ/ ЗТ МДБ	Орталық операторы	Орталық операторы
Іс-қимыл (процесс, рәсімдеудің, операцияның) атауы және оларды сипаттау	Орталық операторы логині мен паролі арқылы авторизацияланады	Кызметті таңдайды және сұрауды мәліметтерін қалыптастырады	ЖТ МДБ/ ЗТ МДБ-ға сұрауды жолдайды	Тұтынушының мәліметтері жоқтығына байланысты мәліметтерді алу мүмкін еместігі туралы хабарлама қалыптастыру	Сұрату нысанына қажетті күжаттар мен ЭЦҚ күелігін коса бере отырып сұрауды толтыру	«Е-лицензи» МДБ АЖ куәландырып (қол қойыл Э Ц Қ операторың күжатын жолдау
Аяқтау нысаны (деректер, күжат, ұйымдық-өкімдік шешімі)	өтінішке номір коюмен жүйеде сұрауды тіркеу	Сұрауды сәтті құру туралы хабарламаның көрінуі	Сұраудың бағдары	Дәлелді бастарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сұрауды сәтті құру туралы хабарламаның көрінуі	Сұраудың бағдары
		30 сек – 1 минут	30 сек	1,5 мин	1,5 мин	1 минут

Орындалу мерзімдері				30 сек – 1 минут
Келесі іс-қимылдың нөмірі	2	3	4-егер тұтынушы мәліметінде бұзушылықтар болған жағдайда; 5-егер бұзушылық болмаса	- - -

«Магистральдық газ құбыржолдарын, мұнай құбыржолдарын, мұнай өнімдері құбыржолдарын пайдалану қызметіне беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

### **Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасының және қолжетімділігінің нәтижелері**

### **Электрондық мемлекеттік қызметтердің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтауға арналған саудалнаманың нысаны**

(қызметтің атавы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?  
 1) қанағаттанған жоқпын;  
 2) ішінара қанағаттанамын;  
 3 ) қанағаттанамын.
2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?  
 1 ) қанағаттанған жоқпын;  
 2 ) ішінара қанағаттанамын;  
 3) қанағаттанамын.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2012 жылғы 21 қыркүйектегі

**«Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. Электрондық мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі және оның аумақтық органдары (бұдан әрі – қызмет беруші) көрсетеді, сондай-ақ [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы немесе [www.elicence.kz](http://www.elicence.kz) «Е-лицензиялау» веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП) **арқылы** **көрсетіледі.**

2. Электрондық мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1132 қаулысымен бекітілген «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) негізінде **көрсетіледі.**

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара а в т о м а т т а н д ы р ы л ғ а н .

4. Электрондық мемлекеттік қызмет **көрсетудің** түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) ақпараттық жүйе - аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтауға, өндеуге, іздеуге, таратуға, тапсыруға және беруге арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі - занды тұлғаға (филиал мен өкілдікке) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір(бұдан әрі – БСН);

3) «Е-лицензиялау» веб-порталы – берілген, қайта ресімделген, уақытша тоқтатылған, жаңартылған және қолданысы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, участеклері) туралы мәліметтерді қамтитын, лицензиарларға берілетін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірлерін орталықтан қалыптастыратын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – «Е-лицензиялау» МДБ АЖ);

4) жеке сәйкестендіру нөмірі - жеке тұлға, соның ішінде өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

5) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы – ақпаратты автоматты

жинақтауға, сақтау мен өндеуге, Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және олар туралы мемлекеттік органдар мен басқа да субъектілерге олардың өкілеттіктерінің шенберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзекті және шынайы деректер беру мақсатында Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЖТ МДБ);

6) «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы - ақпаратты автоматты жинақтауға, сақтау мен өндеуге, Қазақстан Республикасындағы занды тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және олар туралы мемлекеттік органдар мен басқа да субъектілерге олардың өкілеттіктерінің шенберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзекті және шынайы деректер беру мақсатында Бизнес-сәйкестіндіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЗТ МДБ);

7) құрылымдық-функционалдық бірліктер - қызметтер көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мекемелер мен басқа да ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі (бұдан әрі - ҚФБ);

8) пайдаланушы – өзіне қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алуға ақпараттық жүйеге жүгінетін субъект (тұтынушы, қызмет беруші);

9) транзакциялық қызмет - пайдаланушыларға электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін электрондық ақпараттық ресурстар ұсыну жөніндегі қызмет;

10) тұтынушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке немесе  
з а ң д ы т ұ л ғ а ;

11) электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы расталған құжат;

12) электрондық лицензия - ақпараттық технологияларды пайдаланып ресімделетін және берілетін, қағаз жеткізгіштегі лицензияға тең электрондық құжат н ы с а н ы н д а ғ ы л и ц е н з и я ;

13) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық түрде көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

14) «электрондық үкіметтің» веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін а қ п а р а т ы қ ж ү յ े ;

15) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі - жеке және занды тұлғалардың төлемдерін жүзеге асыру кезінде екінші деңгейдегі банктер, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелері арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе (бұдан әрі -

Э У Т Ш ) ;

16) «электрондық үкіметтің» шлюзі - электрондық қызметтер шеңберінде «электрондық үкімет» ақпараттық жүйелерді біріктіруге арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭУШ) ;

17) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба күралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі(бұдан әрі - ЭЦК).

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

6. ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттерінің қисынды кезектілігі арасындағы өзара байланыс көрініс табатын сызба осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) тұтынушы өзінің ЭЦК тіркеу куәлігінің көмегімен ЭУП-да тіркелуді жүзеге асырады, ол тұтынушы компьютерінің интернет-браузерінде сакталады ( ЭУП-да тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс - тұтынушы компьютерінің интернет-браузерінде ЭЦК-ның тіркеу куәлігін бекіту, мемлекеттік қызметті алу үшін ЭУП-ға тұтынушының паролін енгізу процесі (авторизациялау процесі);

3) 1-шарт - логин (ЖСН/БСН) және пароль арқылы тіркелген тұтынушы туралы деректердің шынайлығын ЭУП-да тексеру;

4) 2-үдеріс - тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты ЭУП-да авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-үдеріс - тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу) және қажетті құжаттарды электрондық түрде сұрау салу нысанына тіркей отырып, тұтынушының нысанды оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып толтыруы ;

6) 4-үдеріс - ЭУТШ-да қызметтерге ақы төлеу, одан кейін бұл ақпарат « Е-лицензиялау» МДБ АЖ-ға түседі;

7) 2-шарт - көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу фактісін «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тексеру ;

8) 5-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да көрсетілген қызметтер үшін ақы төленбеуіне байланысты сұрау салынған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру ;

9) 6-үдеріс - тұтынушының сұрауды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦК-ның тіркеу куәлігін таңдауы ;

10) 3-шарт – ЭУП-да ЭЦК-ның тіркеу куәлігінің қолданыс мерзімін және кері қайтарылған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің ішінде болмауын, сондай-ақ

сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ-ның тіркеу күелігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы сәйкестендіру деректерінің сәйкес келуін тексеру;

11) 7-үдеріс – тұтынушы ЭЦҚ-ның дұрыстығы расталмауына байланысты сұрау салынған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8-үдеріс – қызметті көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанының (енгізілген деректерді) тұтынушының ЭЦҚ арқылы растау (қол қою);

13) 9-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да электрондық құжатты (тұтынушының сұрау салуын) тіркеу және «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да өндөу;

14) 4-шарт – қызмет берушінің лицензия беру үшін тұтынушының біліктілік талаптарына және негіздерге сәйкес келуін тексеруі;

15) 10-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

16) 11-үдеріс-тұтынушының ЭУП-да қалыптасқан қызмет нәтижесін (электрондық лицензияны) алуы .

7. ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттерінің қисынды кезектілігі арасындағы өзара байланыс көрініс табатын сызба осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) 1-үдеріс - қызмет беруші қызметкерінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-ға логин мен парольді енгізу (авторизациялау процесі) ;

2) 1-шарт – логин және пароль арқылы қызмет берушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің дұрыстығын «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тексеру ;

3) 2-үдеріс - қызмет беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3-үдеріс - қызмет беруші қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығаруы және қызмет беруші қызметкерінің тұтынушының деректерін енгізу;

5) 4-үдеріс - тұтынушының деректері туралы ЖТ МДБ/ЗТ МДБ-ға ЭУШ арқылы сұрауды жолдау ;

6) 2-шарт - тұтынушы деректерінің ЖТ МДБ-да/ЗТ МДБ-да болуын тексеру;

7) 5-үдеріс - тұтынушы деректерінің ЖТ МДБ-да/ЗТ МДБ-да болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс - сұрау салу нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуы туралы белгі қою белгінде толтыру және қызмет беруші қызметкерінің тұтынушы ұсынған қажетті құжаттарды сканерлеуі және оларды сұрау салу нысанына тіркеу ;

9) 7-үдеріс - сұрау салуды «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тіркеу және қызметті

«Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да өндөу;

10) 3-шарт - лицензия беру үшін тұтынушының біліктілік талаптарына және негіздерге сәйкес келуін қызмет берушінің тексеруі;

11) 8-үдеріс - «Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 9-үдеріс - тұтынушының ЭУП-да қалыптасқан қызмет нәтижесін (электрондық лицензияны) алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сын пайдалана отырып қалыптастырылады.

8. Қызметке сұрау салу және жауап беру нысандарын толтыру [www.elicence.kz](http://www.elicence.kz) «Е-лицензиялау» веб-порталында келтірілген.

9. Салынған сұрау өндөлгеннен кейін тұтынушыға сұрау нәтижелерін қарап шығуға мынадай мүмкіндік берілген:

«ашу» батырмасын басқаннан кейін – сұрау салу нәтижесі дисплей экранына шығады ;

«сақтау» батырмасын басқаннан кейін – сұрау салудың нәтижесі тұтынушы жасаған магниттік жеткізгіште Adobe Acrobat форматында сақталады.

10. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету бойынша қажетті ақпаратты және консультацияны call–орталықтың (1414) телефоны арқылы алуға болады.

### **3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-қимыл (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау**

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын ҚФБ:

1 ) тұтынушы ;  
2 ) қызмет беруші .

12. Орындалу мерзімі көрсетіле отырып, әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдердің) кезектілігі мен өзара іс-қимылдарын сипаттау осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

13. ҚФБ-ның іс-әрекеттерінің қисынды кезектілігі арасындағы өзара байланыс көрініс табатын сызба осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

14. Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасы және қолжетімділігі нәтижелері осы Регламенттің 3-қосымшасына келтірілген.

15. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қойылатын талаптар :

- 1) құпиялышық (ақпаратты санкциясыз алудан қорғау);
- 2) тұтастыры (ақпаратты санкциясыз өзгертуден қорғау);
- 3) қолжетімділік (ақпаратты және ресурстарды санкциясыз ұстап қалудан қорғау) .

16. Қызметті көрсетудің техникалық шарттары:

- 1) Интернетке шығу;
- 2) электрондық лицензия берілетін тұлғада ЖСН/БСН болуы;
- 3) ЭУП авторизациялау;
- 4) пайдалануышының ЭЦҚ болуы;
- 5) екінші деңгейдегі банктік карточканың немесе ағымдағы шоттың болуы.

«Энергиямен жабдықтау мақсатында  
электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру,  
қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру»  
электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне  
1-қосымша

### **Орындалу мерзімі көрсетіле отырып, әкімшілік іс-әрекеттерінің (рәсімдердің) кезектілігі мен өзара іс-қимылдарын сипаттау**

#### **1-кесте. ЭУП арқылы ҚФБ іс-қимылын сипаттау**

Іс-қимыл (жұмыстар барысы, ағыны) №	1	2	3	4
ҚФБ атауы	Тұтынушы	ЭУП	Тұтынушы	ЭУПШ
Іс-қимыл (үдеріс, рәсімдеу, операция) атауы және оларды сипаттау	тұтынушы компьютерінің интернет-браузерінде ЭЦҚ-ның тіркеу күелігін бекіту	тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тартуы туралы хабарлама қалыптасады	Электронды түрде қажетті құжаттарды осы сауалдарды бекіте отырып қызметті таңдайды және қалыптастырады	Қызметтерге ақы төлеу
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, үйымдық-әкімдік шешім)				
Орындалу мерзімдері	10–15 сек	20 сек	1,5 мин	1,5 мин
Келесі іс-қимылдың нөмірі	2–егер тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болса; – 3–егер авторизациялау жақсы отсе		4	5 – егер ақы төлемесе, 6 – егер толесе

кестенің жалғасы:

5	6	7	8	9	10	11
ЭҮП	Тұтынушы	ЭҮП	Тұтынушы	ЭҮП	ЭҮП	ЭҮП
ақы төлемеуге байланысты бас тартуы туралы хабарлама қалыптасады	тұтынушының сұрауды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ-ның тіркеу күәлігін таңдауы	тұтынушы ЭЦҚ-ның дұрыстығы расталмауына байланысты сұрау салынған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;	ЭЦҚ арқылы саулды куәландыру (кол қою)	« Е-лицензиялау » АЖ-де (тұтынушының сауалы) өтініштің электронды құжатты тіркеу және « Е-лицензиялау » АЖ өндөу	«Е-лицензиялау» МДБ АЖ-да тұтынушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынып отырган қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;	Электрондық құжат (электрондық лицензия)
10–15 сек	10–15 сек	10–15 сек	1,5 мин	15 жұмыс күні	-	-
-	7–егер ЭЦҚ қате болса, 8–егер ЭЦҚ қате болмаса	-	-	10-лицензия беру үшін тұтынушының біліктілік талаптарына және негіздеріне сәйкес қызмет берушімен тексеру	-	-

## 2-кесте. Қызмет берушілер арқылы ҚФБ іс-қимылын сипаттау


Іс-қимыл (жұмыстар барысы, ағыны) №	1	2	3	4	5	6
ҚФБ атавы	Қызмет беруші	«Е-лицензиялау» МДБ АЖ	Қызмет беруші	ЖТ МДБ/ ЗТ МДБ	« Е-лицензиялау » МДБ АЖ	Қызмет беруші
Іс-қимыл (удеріс, рәсімдеу, операция) атавы және оларды сипаттау	«Е-лицензиялау» МДБ АЖ авторизацияланады	Деректерде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту хабарламасы қалыптасады	Қызмет берші қызметкерлерінің қызметті таңдау	тұтынушының деректері туралы ЖТ МДБ/ЗТ МДБ-га ЭУШ арқылы сұрауды жолдау;	Деректерде бұзушылықтар болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Күжа бекітілгендерде бұзушылықтар болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру
Аяқтау нысаны (деректер, құжат,						

ұйымдық-өкімдік шешімі)					
Орындалу мерзімдері	10–15 сек	10 сек	1,5 мин	1,5 мин	1,5 мин
Келесі іс-қимылдың номірі	1-қызмет берушінің логин және пароль деректерін « – Е-лицензиялау» МДБ АЖ-де тексеру		4	5-егер тұтынуышының деректерінде бұзушылықтар болса; 6-егер авторизациялау жақсы етсе	-


«Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

### ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттерінің қисынды кезектілігі арасындағы өзара байланыс көрініс табатын сызба

#### ӘУБ арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық іс-қимылдың № 1 диаграммасы



#### Қызмет беруші арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық іс-қимылдың № 2 диаграммасы



Шартты белгілер:



Бастапқы хабарлама



Алқтаушы хабарлама



Аралық хабарлама



Алқтаушы қаралайтын оңтүстүрмө



Қате



Аппараттық жүйе



Үрдіс



Шарт

—→ Басқару ақыны

—→ Хабарламалар ақыны



Сөңгы түтшілүштік ұсынылатын электорондық құркын

«Энергиямен жабдықтау мақсатында  
электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру,  
қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру»  
электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне  
3-қосымша

## **Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасы және қолжетімділігі нәтижелері**

### **Электрондық мемлекеттік қызметтердің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтауда арналған сауалнаманың нысанды**

---

#### **(қызметтің атауы)**

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?
  - 1) қанағаттанған жоқпын;
  - 2) ішінара қанағаттанамын;
  - 3) қанағаттанамын.
2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?
  - 1) қанағаттанған жоқпын;
  - 2) ішінара қанағаттанамын;
  - 3) қанағаттанамын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК